Ұ Й Ғ А Р Ы М

талап қоюды қараусыз қалдыру туралы

2025 жылғы 5 ақпан № 5143-25-00-2/196 іс Мырзакент кенті

Түркістан облысының Мақтаарал аудандық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Шиндалиев, хатшылықта Ұ.Полатовтың отыруында, талап қоюшының өкілі Б.Абдразаковтың, жауапкердің өкілі Г.Саржановтың қатысуыларында сот талқылауын дайындау барысында, талап қоюшы «Атакент Агро-2018» Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің жауапкер [redacted] келтірген соманы өндіру туралы азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы «Атакент Агро-2018» АШӨК-нің сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер Ф.А[redacted] 4 521 000 теңге қарыз сомасы, 135 630 теңге мемлекеттік баж, өкілдің көмегіне 220 000 теңге, жалпы 4 876 630 теңге өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Б.А[redacted] талап қоюды кері қайтарып, қараусыз қалдыруды және жауапкердің авдокаттың көмегіне төленген 700 000 теңге өндіру туралы өтінішін қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі Г.Саржанов, қараусыз қалдыруға қарсы емес екенін көрсетіп, жауапкердің пайдасына талап қоюшыдан адвокаттың көмегіне төленген 700 000 теңге өндіруді сұраған.

АПК-нің 168- бабының 1 бөлігіне сәйкес Осы Кодекстің 272, 273-баптарында, 277-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында және 279-бабының 1), 2), 3), 4), 5), 8) және 9) тармақшаларында көзделген мән-жайлар болған кезде істі сот талқылауына дайындаған кезде ол бойынша іс жүргізу тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы не арыз қараусыз қалдырылуы мүмкін.

АПК-нің 279-бабының 8)-тармағына сәйкес, сот, егер талап қоюды қайтарып алу туралы өтініш берілсе, ал жауапкер істі мәні бойынша қарауды талап етпесе, талап қою қараусыз қалдырылады.

Істің мұндай мән-жайында, талап қоюшы «АтакентАгро-2018» Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің жауапкер [redacted] келтірген соманы өндіру азаматтық іс жүргізу қараусыз қалдыруға жатады.

Талап қоюшыға АПК-нің 280-бабының 3-бөлігінің талаптарына орай талап қою арызын қараусыз қалдыруға негіз болған мән-жайлар жойылғаннан кейін мүдделі тұлға жалпы тәртіппен сотқа тағы да талап қою арызын беруге құқылы екені түсіндірілсін.

Жауапкер Ф.[redacted] талап қоюшы «Атакент Агро-2018» АШӨК-нен адвокаттың көмегіне төленген 700 000 теңге өндіруді сұрап сотқа өтініш келтірген.

АПК-нің 115-бабының 3-бөліген сәйкес Осы Кодекстің 279-бабының 6), 8) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша талап қою қараусыз қалдырылған кезде талап қоюшының жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді. Мұндай жағдайда талап қоюшы жауапкерге іс жүргізуге байланысты, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу сатысында оның жұмсаған сот шығындарын өтейді.

Жауапкер Ф.А[redacted] талап қоюшы «Атакент Агро-2018» АШӨК-нен адвокаттың көмегіне төленген 700 000 теңге өндіру туралы өтініш қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 168, 268, 269-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ :

Талап қоюшы «Атакент Агро-2018» Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің жауапкер [redacted] келтірген соманы өндіру туралы талап қоюы қараусыз қалдырылсын.

Жауапкер [redacted] [redacted] [redacted] өтініш қанағаттандырылсын.

Талап қоюшы «АтакентАгро-2018» Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінен жауапкер [redacted] пайдасына адвокаттың көмегіне төленген 700 000 (жеті жүз мың) теңге өндірілсін.

Ұйғарымға мүдделі тараптар ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Мақтаарал аудандық соты арқылы Түркістан облыстық сотына шағым беруге немесе өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Ж.Шиндалиев**

Құжатқа қол қойылған: Шиндалиев А. Ж., 05.03.2025